

Қазақтың күнделікті мәдениетіндегі емшілер типологиясы және емдеу тәжірибелері: мәдени антропологиялық талдау

Құралай С. Ермағамбетова^{1*}, Қарлығаш М. Атанақова²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*Корреспонденция үшін автор:

quralai.sergabylyzy@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0002-1620-5794>, ²<https://orcid.org/0000-0002-4443-2185>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-197-210>

Аңдатпа. Қазіргі қоғамда халық емшілігі туралы әртүрлі дискурстар бар. Ғылым тұрғысынан, әсіресе, академиялық медицина тұрғысынан халық емшілігі заманауи емдеу хаттамасына сай келмейтін тәжірибе. Дегенмен, академиялық шығыс медицинасында халық емшілерінің кейбір тәжірибелері үйретіледі, оқытылады. Ислам діні тұрғысынан білімі жоқ адам емдеу жүргізуге хақы жоқ, соның ішінде халық емшілігімен айналысуға тыйым салынады. Этнография, антропология тұрғысынан халық емшілігі халықтың ұлттық мәдениетті, мұрасын, құндылықтарын, болмысын, тұрмысын, білімін сипаттайтын дәстүр.

Мақалада қазіргі Қазақстанның күнделікті мәдениетіндегі халық емшілігінің тәжірибелеріне талдау жасауға тырыстық. Алдымен қазақтың халық емшілігінің қалыптасу тарихына ретроспективті талдау жасау арқылы қазақ емшілігінің қалыптасу тарихына және оның қытай, тибет, үнді, араб емшілігімен байланысын анықтадық. Мақаланың теориялық-әдістемелік негізін жасауда этнографиялық, мифологиялық дерекздерге, емшілердің еңбектеріне сүйендік. Аталған материалдардың негізінде халық емшілерінің типологиясы жасалды. Халық емшілері үш типке бөлінді: рухани, тәндік және магиялық. Рухани емшілер тәжірибесі ежелі наным-сенімдермен және дінмен байланыстырылса, тән емшілері халықтың күнделікті тұрмыстық тәжірибесімен, салт-жоралғыларымен байланыстырылды. Магиялық емшілердің тәжірибесі магиялық әрекетпен, тылсым күшпен ұштастырылды.

Қазақ халқының емшілігін зерттеуге деген қызығушылық Қазақстанның «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» мемлекеттік бағдарламаларымен байланыстырылады. Өйткені, мақалада халық емшілігі қазақ халқының мәдени мұрасы, рухани құндылығы, ұлттық коды, мәдени бірегейлікті қалыптастыратын және сақтайтын құрал ретінде қарастырылады. Күнделікті мәдениеттегі халық емшілігінің тәжірибесі «Қазақстан халық емшілігі ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестіктің заңнамалық ережелеріне бағынады және бақыланады.

Қазақ халық емшілігі құпияға толы. Оның түрлері әлі толыққанды зерттелген жоқ. Қазақтың халық емшілігін зерттеу ғылымға қосылатын үлкен үлес деп білеміз.

Түйін сөздер: күнделікті мәдениет, қазақтың халық емшілігі, емші, шипагер, бақсы, ұлттық мұра, рухани құндылық.

Received 22 January 2023. Revised 25 January 2023. Accepted 31 January 2023. Available online 30 March 2023.

For citation:

Yermagambetova K.S., Atanakova K.M. Typology of healers in the daily culture of kazakhs and their practice of treatment: cultural and anthropological analysis // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 142. – №. 1. – С. 197-210. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-197-210>

Для цитирования:

Ермағамбетова К.С., Атанақова К.М. Типология целителей в повседневной культуре казахов и их практика лечения: культурно-антропологический анализ // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 142. – №. 1. – С. 197-210. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-197-210>

Кіріспе

2019 жылдан бері әлемді дүр сілкіндірген «COVID – 19» коронавирус пандемиясы қоғамның барлық саласына, адамзаттың көзқарасы мен құндылықтарын қайта қарастыруға үлкен әсерін тигізді. Әсіресе, күнделікті ғылыми медицина қатты сынға түсті. Қоғамның салауатты өмір мәдениеті де сынға түсті. Өлімнің көбеюі, ауруханалардың сырқаттанған адамдармен толуы, ғылыми медицинаға деген сенімсіздік халық емшілігіне сұранысты арттырды. Халық емшілігі ұлттың салт-дәстүріне, тұрмыс қалпымен, болмысымен, жоралғыларымен байланысты тәжірибе жиынтығы, яғни күнделікті мәдениеттің ерекше құбылысы. Қазіргі әлеуметтік өмірдің барлық салаларын қамтыған дағдарыс жағдайында көптеген адамдар ғасырлар бойы жеке тұлғалардың да, тұтастай алғанда этностың да тұрақты өмір сүруіне кепілдік берген ата-бабаларының бай тәжірибесіне жүгінуде. Халық емшілігіне деген сұраныс ешқашан жойылған емес, бірақ соңғы үш жылда ол арта түсті. Еліміздің әлеуметтік мәдени кеңістігі «шипаягер», «қазақ емханасы», «шипалы», «шығыс медицинасы» атты емдеу орталықтарына тола бастады. Олардың алдына қойған мақсаты табыс көзімен қатар салауатты қоғам қалыптастыру. Салауатты қоғам берік мемлекеттің кепілі. Сондықтан денсаулық мәдениетін жетілдіру мемлекеттің маңызды стратегиялық мақсаты десек қателеспейміз. Әрқашан өзекті мәселе болып қала бермек.

Мақаланың мақсаты – қазіргі Қазақстанның күнделікті мәдениетіндегі халық емшілігінің даму үрдісін зерделеу, емшілер типологиясын жасай отырып, олардың тәжірибелеріне мәдени антропологиялық талдау жасау.

Зерттеу идеясы – Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңнамамен қатар, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Қазақстан киелі жерлер географиясы» атты мемлекеттік бағдарламалармен сабақтастыру. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көне тас жазуларындағы емдік тәжірибелердің

қағазға басылып шығарылды, ал 15 ғасырда жазылған «емшілер әкесі» атанған Өтебайдақ Тілеуқабылұлының «Шипаягерлік баяны» қайта көшіріліп рухани мұрамыздың біріне айналды. Халық емшілігінің түрлері мен тәжірибелері ұлттық мәдениетті жаңғырту құралы ретінде қарастырамыз. Ол жылдар бойы қалыптасқан дәстүрдің, жоралғының, ғибадаттың, діни наным-сенімнің бір бөлігі болып саналады. Халқымыздың дүниетанымындағы «әулие», «кие», «киелілік» түсініктері жоғары құрметке ие. Емші – қарапайым адам емес, ол текті, киелі, әулие адам. Сондықтан әулие, киелі адам аруағы да адамның сауығуына септігін тигізеді деген сенімнен «зиярат орындары», «киелі кеңістіктер» қалыптасы.

Халықтың күнделікті мәдениеті әртүрлі көкейкесті, әрі қызықты мәселелерге толы әлеуметтік және мәдени тәжірибелер ортасы. Зерттеу тақырыбы терең мәдени, антропологиялық зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз. Халық емшілігі қолданбалы мәдениет, эмпирикалық білім нышаны, пәнаралық мәселе екені анық.

Материалдар мен әдістер

Қазақ халқының емшілік тәжірибелері туралы ғылыми тұжырымдар мен теориялар табу қиын. Себебі, қазақ халқының емшілігі қашан басталғандығы туралы нақты деректер жоқ. Дегенмен, зерттеу қазақ емшілігінің теориялық-әдістемелік және тәжірибелік негізін қалыптастырған Өтебайдақ Тілеуқабылұлының еңбегінің және басқада зерттеушілердің еңбектерінің негізінде жүргізілді. Өтеген Әбдіраманнның пікірі бойынша: «қазақ даласындағы емшіліктің тәсілдері мен жолдарын зерттеу XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Ресейлік ғалымдардың экспедициялық зерттеулерінен басталды. Қазақ даласындағы жұқпалы аурулардың таралуы мен емделу жолын зерттеу барысында халық емшілігінің ерекшеліктері таң қалдырған. Дегенмен, орыстандыру саясатының арқасында көптеген емшілік ұғымдар мен ауру атаулары жойылып

кеткен» (Әбдіраман, 2002: 3). Медицина ғылымдарының докторы С.Х. Суханбердиннің зерттеуіне сүйенетін болсақ, қазақ даласындағы халық емшілігінің қалыптасуына және дамуына Ұлы Жібек жолындағы сауда керуендерімен өткен Қытай, Үнді, Араб, Тибет және басқада Шығыс халықтарының емдік дәстүрі әсер етті. Емшілер – кең даланың пайдалы өсімдіктерінің көмегімен әртүрлі емдік рәсімдер орындау арқылы өмірлік қажетті медициналық-санитарлық көмек көрсете білген және ем шараларын жасаған (Суханбердин, 2004: 15-16).

Қазақ халқының көшпелі тұрмысы, қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүруі табиғатты түсінуге, сезінуге, әсіресе, оның ресурстарын тиімді пайдалануы бәрімізге мәлім. Бұл мәліметтер тарихи дереккөздер, аңыз-әңгімелерде, әдеби шығармаларда жанама ақпарат ретінде кездеседі. Қазақ даласындағы емшілер мен олардың емдеу жолдары туралы алғашқы ақпарат көзі ретінде қазақтың шипагер ғалымы Өтебойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» (Тілеуқабылұлы, 1996) атты еңбегі саналады. Тілеуқабылұлының пікірі бойынша қазақ даласындағы емшілік тәжірибелері халықтың астрономиялық, философиялық, психологиялық, этнографиялық ілімімен, ұлттық сана-сезімімен, салт-жоралғыларымен, ғибадаттарымен байланысты. Ө.Тілеуқабылұлының бұл еңбегі қазіргі кездегі барлық емшілердің негізгі құралына айналды. Еңбекте ауру түрлері мен оларды емдеу және алдын алу шаралары жазылған. Қазақ халқының емшілік тәжірибелерінің қалыптасуы мен дамуы туралы А.Т.Толеубаевтың «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов» атты еңбегінде де мәліметтер кездеседі. Толеубаев: «емшілік халықтың күнделікті салт-дәстүрінен, жоралғылары мен рәсімдерінен, ырым-тыйымдарынан пайда болған тәжірибелер» – деп тұжырымдайды (Толеубаев, 1991: 5). А. Толеубаевтың тұжырымдауы бойынша қазақ халқының емдік тәжірибелер ежелгі діни наным-сенімдермен сүйемелденеді.

Әрбір емдік шара анимизмнің, фетишизмнің, тотемизмнің, магияның элементтерімен толықтырылған. Қазіргі кездің өзінде емшілердің тәжірибелерінде көне діни наным-сенімдердің қалдықтары көрініс тауып отыр.

Ш.Уалиханов «Қазақтардағы (қырғыздардағы) шамаңдықтың қалдықтары» (Ч.Валиханов, 1985: Т.IV) мақаласында қазақ даласындағы халықтық емшіліктің көрінісін шаманизммен байланыстырады. Шаманизм ол жәй ғана діни наным-сенім емес, ол құпияға толы, табиғатпен адамды ұштастыратын, халықтың өмірлік көзқарас мен тұрмысын сипаттайтын философиялық дүниетаным. Ш.Уалихановтың пікірінше: «шаманизм – емшіліктің құпиялы және сиқырлы формасы» (Валиханов, 1985: 50).

Қазіргі кезде қазақтың емшілік дәстүрі мен өнері туралы еңбектерді шипагерлер мен емшілердің еңбектерінен кездестіреміз. Атап айтқанда, Толқын Ақанұлының «Емші кәдесі» (Т.Ақанұлы, 2020), Қайрат Айдарханұлының «Қазақ емшілігі» (Қ.Айдарханұлы, 2019), Мақсат Әбдіқадырұлының «Қазақ медицинасы» (М.Әбдіқадырұлы, 2015), Зиядан Қожалымовтың «Шипагерлік дәстүрі және философиясы» (З.Қожалымов, 2009), Өтеберген Ақыпбекұлының «Халық емінің күдіреті» (Ө.Ақыпбекұлы, 1993) атты және басқада еңбектер халық емшілігін халықтың мәдени мұрасы, ұлттық құндылығы ретінде қарастырады.

Емшіліктің мәдени қырларын зерттеуге арналған әдебиеттер немесе ғылыми мақалалар кездестіру қиын. Дегенмен, мифологиялық, этнографиялық, медициналық талдаулар зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін қалыптастырды.

Әдістер. Қазақтың халық емшілігі сонау ерте заманнан келе жатқан тәжірибе екені барлығымызға мәлім. Академиялық медицинаның дамуымен халық емшілігі өзінің күшін жоя бастады. Дегенмен, Қытай, Монғолия елдерінен оралған қандастырдың қазақ жеріне келуімен қазақтың халық емшілігінің дәстүрі, мәдениеті, тәжірибелері қайта жаңғыртыла бастады. Емшілердің

бірнеше түрлері мен емдеу шаралары пайда болды. Халық емшілігі күнделікті мәдениеттің элементі, ұлттық рухани құндылығымыздың, біліміміз бен тәжірибеміздің жаңғыру формасына айналды. Қазіргі кезеңде емшілер мәдениеті қаншалықты дамыған? Емшілер қалай бөлінеді? Олардың емдеу тәжірибесі қандай? Мақалада осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Халық емшілігін ұлттық мұра, ұлттық бірегейлік, ұлттық код ретінде қарастырамыз.

Зерттеу барысында жұмыстың негізгі әдіснамалық принципі ретінде жүйелілік әдісі қолданылды. Жүйелілік әдісі халық емшілігін біріншіден, ұлттық мәдениеттің жүйелік элементі ретінде қарастырыса, екіншіден, «халық емшілігі» ұғымын күрделі психологиялық, материалды, мәдени, эмоционалды жүйе кешені ретінде зерттеуді және түсінуді қажет етеді.

Қазіргі кездегі күнделікті мәдениетте кең өріс алып отырған халық емшілігінің бастамасын түсіну үшін ретроспективті әдіс қолданылды. Бұл әдістің негізінде қазақ даласындағы халық емшілігінің қытай, үнді, араб медицинасымен байланысын, әсіресе қытай медицинасымен байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Қазақ емшілігінде қытай емшілігінің элементтері кездесетіні дәлелді. Себебі, қазіргі күнделікті мәдениетте таралған емшілер Қытай елінен оралған қаңдастар арасында кең өріс алып отыр және олардың емдеу тәсілдері қытай мәдениетімен ұштасып отыр.

Зерттеудің негізгі мақсаты мен міндетіне байланысты емшілер топтамасын жасау үшін типологиялық әдіс қолданылды. Сонымен қатар далалық зерттеу әдістері, соның ішінде бақылау әдісі және оның нәтижелері пайдаланылды. Емшілер түрін анықтау үшін сипаттау әдісі қолданылды.

Талқылау

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым және жоралғы қоғамның мәдени, рухани және материалды дүниесіндегі ең қымбат қазыналардың бірі. Мұнда халықтың сан

ғасырлық өмірлік тәжірибесі, білімі, ізденісі, танымы мен түсініктері жинақталған. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырым-тиымдары сиқырлы тылсым дүниелерге толы. Мифологиялық дүниетанымындағы демонологиялық кейіпкерлер шынайы өмірдің құбылысы ретінде танылған. Яғни, «жын», «шәйтан», «албасты», «пері» (Валиханов, 1985; Қондыбай, 2008; Қасқабасов, 2014) және басқалары адам өміріне, жалпы отбасы мен қоғамға зиян келтіретін, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін бұзатын жағымсыз «жан» болып саналады. Оның нақты бейнесі жоқ, дегенмен, адамның ішіне кіру арқылы оған әртүрлі бейне береді. Осы жағымсыз «жандардан» тазарту тәжірибелері бүгінгі күнге дейін сақталған. Өйткені, халқымыздың түпсанасында сақталған аурудың кең таралған түрлері – «көз тию», «тіл тию», «жын қону», «албасты басу», «арқа ұстау». Осы ауруларды емдеу үшін емші-бақсылардың емдеу тәжірибелеріне жүгінген. Тазалау, яғни емдеу шаралары арнайы емдік орындар мен үй жағдайында да жүзеге асырылады. Бұл қазақ халқының емшілік тәжірибелерінің көне діни-наным сенімдермен сабақтастығын көрсетеді. Яғни, аруақ культі, шаманизм, анимизм, тотемизм, фетишизм элементтері айқын көрініс табуа.

Шаманизм – көшпенді халықтың табиғат пен одан жоғары тұрған тылсым әлемге табынатын діни наным-сенім түрі. Ш.Уәлихановтың берген анықтамасы бойынша, «шаманизм бір жағынан табиғатты құрметтеу, екінші жағынан адамның санасын өзгерту арқылы рухани әлеммен байланысқа түсетін экстремалды руханият. Табиғат пен адам, өмір мен өлім арасындағы үздіксіз күресті сипаттайтын рухани әлем, ғибадаттар жиынтығы» (Валиханов, 1985: 146). Шаманизм бірнеше элементтерден тұратын күрделі жүйе. Бірінші элементі – Тәңірі (аспан), екінші элементі – шаман, үшінші элементі – аруақтарға табыну (Ш.Уәлиханов бойынша қазақ дүниетанымында «аура» қ деген сөз – онгон деп аталған, ал «аруақ» деген сөз ислам дінінен енген сөз), төртінші элементі – отқа табыну, бесінші элементі – космологиялық

көзқарастар. Шаман екінші элемент ретінде жіктелсе де, шаманизм діни жүйесінің қалыптасуында маңызды орын алатын тұлға. Ш.Уәлихановтың пікірі бойынша: «Шаман – ұстаз, ақын, әнші, көріпкел, емші. Материалды және рухани әлемді үйлесімділікте ұстайтын, тылсым дүниені түсінген және түсіндіретін адам. Шаман – ол бақсы» (Валиханов, 1985: 147). Шаманизмдегі аруақ культі де халық емшілігінің дамуына үлкен септігін тигізді. Шаманның бойындағы аруақтармен байланыс орната білу қасиеті ем шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген түсініктер де болған. Қазірде жалған емшілер арасында осындай түсініктер әлі де орын алуда.

Анимизм, тотемизм, фетишизм және магия элементтері емдік тәжірибелерді жүргізу үрдістерінде көрініс тауып отырған. Ем шараларында өсімдіктерді, жануарлардың белгілі бір мүшелерін пайдалану, адамды жамандықтан қорғау үшін «амулет», «талисман», «тұмар» тағу сияқты тәжірибелер бүгінгі өзінде орын алып отыр. Оны ешкім жоққа шығара алмасы анық. Бұл тәжірибелер сыни талдауды қажет етеді.

Емшілер типологиясы

Қазақ халқының күнделікті тұрмысында бірнеше емшілердің түрлері мен атаулары кездеседі. Олар арнайы бағыттағы емдеу тәсілдеріне және жалпы тәжірибелеріне байланысты жіктеледі. Халық емшілігіндегі ең кең таралған ұғым «емші». Емші – дәрігерлік қызмет атқараушы, емдеуші, сауықтырушы мағынасын білдіреді. Барлық ем шараларын қолданушы. Академиялық медицина тұрғысынан емші – ол терапевт. З.Қожалымовтың пікірі бойынша: «емшілік – ата-бабадан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып берілетін киелі тектік қасиет. Ал емші – текті, білімді, зерттеуші, дана, көреген, емдеуші адам» (Қожалымов, 2016: 14).

Халық емшілігін зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, емшілерді үш топқа бөлуді жөн көрдік: «рухани емшілер», «тән емшілері» және «магиялық емшілер». Барлық емшілер тобына жеке-жеке сипаттама беріп өтейік.

Рухани емшілер (Кесте 1) қызметін ислам дінімен байланыстырамыз, бірақ олардың әрекетінде ежелгі діни наным-сенімдер элементі кездеседі. Рухани емшілерге бақсы, тәуіп, үшкіруші, дем салушы, әулие әмбие, молда жатады. Халықтың рухани емшілері ішіндегі негізгі тұлға – бақсы. Бақсы барлық түркітілдес халықтар мен монғолдарда кең таралған. Бақсысөзі түрлімағынаға ие. Мысалы: түркмендерде «бақсы» деп ақын-жырауларды атаған, ал ұйғырлар «бақсы» деп білімгер, дана адамды атаған, Қырым хандығы тұсында «басқы» деп хатшыны атаған, қыпшақтар бақсыны «қам» деп атаған, яғни, «қоғамның, адамның қамын ойлаушы» (Қасқабасов, 2014: 194), ал қазақ қоғамында «бақсы» рухани әлемді, табиғаттан тыс тылсым дүниені түсінуші, аруақтармен байланысты жасаушы, қобызшы, сыбызғышы, жын-шәйтанның қорғаушы, емші. Ш.Уәлиханов «Қазақтардағы шаманизмнің қалдықтары» атты еңбегінде бақсының мәртебесі мен функционалды қызметін сипаттайды. Бақсылар туралы былай дейді: «бақсылар Аспан мен рухтың қамқорлығындағы адамдар тәрізді құрметке ие. Бақсы – басқалардан жоғары сиқыр мен білімге ие адам, ақын, музыкант және дәрігер» (Валиханов, 1985: 52). Олар аруақтар мен құдайларға жақын болғандықтан әртүрлі салт-жоралғыларды пайдалана отырып ауруларды емдейді. З.Қожалымов бақсылық қызметті өнер деп атайды. «Бақсылық өнер – тәңірдің сиы, құпиясы. Бақсы өз ортасында басшы және шипагер қызметін атқарып, өзінің болжампаздық, көріпкелдік, құмалақшылық, сиқырлық, ақын-сазгерлік ерекшеліктерімен халықты өзіне иландыру сенімі арқылы емдейді» (Қожалымов, 2016: 11) – дейді З.Қожалымов.

Қазақ халқының жыр-дастандарында бақсы бейнесі жиі суреттеледі. Әрбір бақсының өзінің қамқоршысы бар. Ол жануар, өсімдік, құс немесе табиғаттың басқа бір элементтері ретінде бейнеленеді. Ол бақсыға күш қуат береді. Сонымен қатар, әрбір бақсының өзінің атрибуттары бар. Кең таралған бақсы атрибуттарына (құралдарына) өзінің қамқоршысы санайтын тірі немесе өлі табиғаттың бір элементі, жүннен жасалған

шапан мен бөрік, асаят, сылдырмақ, қобыз, қамшы жатады. Бұл бақсының классикалық бейнесі болып саналады, бірақ, әрбір халықтың бақсысының бейнесі әртүрлі екені анық. Бақсылар барлық ауру түрлерін емдейді. Соның ішінде, шошыну, қорқу, жын кіру, көз тию, тіл тию, аруақ қону сияқты ауруларды жақсы емдеген. Мысалы, шошыну, қорқу, жын кіру ауруларын емдеу тәжірибесінде музыкалық әуен, би билеу, аруақтарды шақыру тәсілдерін қолданған. Аруақтарды шақыру тәжірибесінде бақсының көмей дауысы маңызды орын алады. Жын шығару кезінде қамшымен ұру тәсілі жиі қолданылған. Жалпы, қазақ дүниетанымында қамшы қасиетті құралдардың бірі. Қамшымен тазалау арқылы ғана адамның бойынан жынды шығаруға болады деп сенген.

Қазақ даласындағы бақсылық өнердің ерекшеліктерін Г.Потанин жақсы зерттеген. Г.Потаниннің зерттеуі бойынша, кез келген адам бақсы бола алмайды, оның екі жолы бар: біріншіден, бақсылық атадан ұрпаққа беріледі, ал екіншісі туылған баладан бақсы жасау жолы (Потанин, 2005). Қазақ даласында бақсылық өнер атадан ұрпаққа беріліп отырған. Қазақ халқына бақсылық қабілет тек ер адамда дариды және ер адамға ғана беріледі деп саналады. Сондықтан, әйел бақсылар аз. Дегенмен, қазіргі кезеңде әйел адамдар арасында емші-шипистерлер көп кездеседі. Қазақстандық кинорежиссер Гүлшад Омарованың «Бақсы» кинофильмінде әйел бақсының бейнесін көрсетеді. Фильмде бақсы тек емші қызметін емес, ол жерді, елді, халықты қорғаушы, туған жер үшін күресуші әрекетімен сипатталады.

Бақсылар адамдарға, отбасына, адамға, малға қонған жын-шайтандарды, пәле-жаланы шығару, айықтыру үшін қобыз, қамшы, асаят, қобыз, даңғара аспаптарын және отты пайдаланған. Аталған құралдардың ішінде қобыз, қамшы және от жиі қолданылған. От бүгінгі күннің өзінде жиі кездесетін тазалау, аластау құралы. «Аластау» әдісі жамандықтан тазалау және оны жолатпау үшін жиі пайдаланылады.

Астана қаласында жүргізілген далалық зерттеу барысында бақсы-емшілердің

қызметтеріне, соның ішінде аластау рәсіміне сырттай бақылау жүргізілді. Аластау кезінде бақсы-емші: «алас, алас, алас, жамандық пен пәле-жала артта қалсын, ауру-сырқаудан тазалай көр, жамандықты ала көр, пәле-жаладан сақтай көр» деген дұға сөздерін айтады. Қамшымен екі иықты, екі жауарынды, табандарды ұру арқылы, бастан аяғына дейін жүргізу арқылы денедегі ауырпалықты шығарады. Құран сүрелерін суға оқып оны адам бетіне бүркіді, осылайша адамның бойын тазартады. Бұл әрекеттің барлығы қаншалығы адамның ауруын емдейтіні сыни көзқарасты тудырады. Алайда, шығыс емшісі Ибн Синаның «Медицина ғылымының канондары» атты еңбегінде жазылғандай: «адамның бойындағы барлық аурулар жан ауруынан туындайды. Тән емдемес бұрын адамың жаны мен санасын емдеу керек» (Ибн Сина, 1979-1982). Олай болса, емшілердің емдік шаралары психоэмоционалды түрде адамға әсер етеді, жаны мен санасын тазартады.

Екінші рухани емші – ол тәуіп (Кесте 1). «Тәуіп» сөзі араб тілінен аударғанда «дәрігер» деген мағынаны білдіреді. Тәуіптің ерекшелігі оның діни рәсімдер арқылы емдеу шараларын жасауында. Тәуіптің бақсыдан айырмашылығы, оның Құран арқылы емдейтіні. Құран сүрелеріндегі ем-шараларға қатысты дұғаларды оқу арқылы адамға дем салу, тазалау әрекеттерін жасайды.

Келесі рухани емші – ол үшкіруші (Кесте 1). Үшкірушінің де емдік құралы – Құран сүрелері болып табылады. Үшкірушінің кейбір тәжірибелері бақсылыққа ұқсайды. Үшкіруші ыдысқа құйылған суға дұға оқып, оны адамға бүрку арқылы ем жасайды. Қасиетке ие адамның бойынан шыққан жел мен бүркіген су адамның бойына сауықтыру береді деп саналады.

Рухани емшілер арасында ислам дінімен байланысты қожа тайпасынан шыққан молдаларға көп сенім артылған. Тюрколог Сюзанна Гжевичтің зерттеуі бойынша: «молдалар Пайғамбардың отбасымен байланысты, сондықтан оларға рухани қызмет пен емдеу қасиеті берілген. Олар Құран оқу арқылы емдеп, адамды жамандықтан қорғайтын тұмарлар дайындаған» (Grzywacz,

Кесте 1. Рухани емшілер

№	Емшілер түрі	Емдеу құралдары мен тәсілдері
1	Бақсы	өзінің болжампаздық, көріпкелдік, құмалақшылық, сиқырлық, ақын-сазгерлік ерекшеліктерімен халықты өзіне иландыру сенімі арқылы емдейді. Негізгі құралдары: жүннен жасалған шапан мен бөрік, асатаяқ, сылдырмақ, қобыз, қамшы
2	Тәуіп	Құран сүрелеріндегі ем-шараларға қатысты дұғаларды оқу арқылы адамға дем салу, тазалау әрекеттерін жасайды. Негізгі құралдары: Құран кітабы, таспийық, тұмар, емдік өсімдіктер
3	Үшкіруші	Емдік тәжірибелері бақсылыққа ұқсайды. Хадистерден, аяттардан, сүрелерден үзінділер оқу, су бүрку арқылы емдейді. «Сүф» сөзін қолданады. Негізгі құралдары: хадистер, дұғалар, су, күл және басқалары.
4	Сопылық емші	Құран кітабінде, хадистерде жазылған шарттар арқылы, академиялық медицинаның тәжірибелерін байланыстыра отырып емдік өсімдіктерді пайдалану арқылы ем шараларын жасайды. Негізгі құралдары: Хадистер, емдік кітаптар, емдік өсімдіктер, жануарлар майы, тағы басқалары.

2010: 19). Тұмар былғарыдан жасалып ішіне адамды тазартау мен қорғауға бағытталған дұға жазылып салынады. Бұдан фетишизмнің белгісін байқауға болады. «Тұмар» адамды қорғап қана қоймай, оның мінез-құлқын, іс-әрекетін реттейді, адамды психо-эмоционалды күйін жинақтайды.

Рухани емшілер арасында кең тараған емшілік дәстүрі – ол сопылық емшілік тәжірибесі (Кесте 1). Сопылық емшілік – Мұхаммед (с.а.с) Пайғамбардан берілген сүннет жолымен Құран аяттары және хадистер арқылы емдеу тәсілі. Сопылық емшілікті басқаша «Пайғамбар медицинасы» (Мурад Хасан, 2020: 7) деп атаған. Сопылық емшілікті зерттеуші Мурад Хасанның пікірі бойынша, Пайғамбар медицинасы ислам діні тұрғысынан емші жауапкершілігі және емшілік тәжірибені жүргізу тәжірибелеріне қатысты заңнаманы қамтиды. Хадистер жинағын құрастыратын ғалымдар, міндетті түрде «Медицина бөлімі немесе Емдеу және емделу бөлімі» атымен арнайы бөлімді құрастырған. Ислам дінінің мақсаты адамның жанын, санасын және тәнін таза ұстау. Осы мақсатқа сәйкес Құран аяттары мен хадистерінде емшілікке арналған жеке бөлімдер мен тараулар көп жазылған. ең алғашқы емшілік хадистерін құрастырған Мәлік имам (Мурад Хасан, 2020: 8). Сопылық емшіліктің тәжірибелік қырларына көп мән

берген ортағасырлық парсы ғалымы, философ, дәрігер – Ибн Сина. Ол көптеген аурулардың түрін ажыратып, оның емдеу жолдарын ойлап тапқан. Қазіргі кездегі рухани емшілер Ибн Сина дәстүрі мен «Емдеу» хадистерінде жазылған шарттарға сәйкес емдік шаралар жасайды.

Жоғарыда аталған рухани емшілердің басқа емшілерден айырмашылығы діни бағыттылығы. Бақсылар көне наным-наным сенімдердің салт-жоралғыларын орындаса, тәуіп, үшкіруші Құран кітаптың сүрелері мен дұғалары арқылы адамды сауықтыру тәсілдерін қолданады. Ислам діні тұрғысынан қоғамда мұндай емшілік әрекеттер дұрыс емес деген әртүрлі сыни көзқарастар жүргенімен, адам бойындағы түсініксіз ауырпалықтарды емдеуде рухани емшілердің атқаратын рөлі зор.

Екінші топтағы емшілер – *тән емшілері* (Кесте 2). Оларға: тамыршы, уқалаушы, белартушы, оташы, сынықшы жатады. Тән емшілерінің емі адамның физикалық денесін емдеумен ерекшеленеді. Тән емшілерінің ішінде маңызды орын тамыршыға беріледі. З.Қожалымовтың айтуы бойынша: «тамыршы – тұқым қуалайтын әрі оқып үйренетін қасиет. Тамыршы аурудың дертін таңертең аш қарынға тамырын ұстау арқылы және аурудың бет-жүзіне, сөйлеген сөзіне, тыныс алысына, көз жанарына және тіліне де қарап

сырқатын анықтаған» (Қожалымов, 2009: 128). Ертедегі ата-бабаларымыздың айтуы бойынша адамның бойындағы 62 тамырда ауру туралы ақпарат жазылады. Сондықтан тамыршы адамның жүрек қағысы мен тамырды саусақ ұшымен ұстау арқылы аурудың түрлерін анықтап ем-шараларын бере алады. Тамыр ұстау арқылы ауруды анықтау дәстүрі шығыс медицинасында жақсы дамыған. Қазіргі күнделікті мәдениетімізде тамыршылық қызметті Қытай елінен оралған қандастар арасындағы емшілер тәжірибесінде кездеседі. Кең тараған «шиппагерлік», «қазақ емшілігі» деген шығыс медицина орталықтарындағы емшілер тамырды ұстау арқылы ауруды анықтап заманауи академиялық медицинамен ұштастыра отырып ем тәжірибелерін жүргізеді. Тамыршы күнделікті мәдениеттің ертеден сақталған емдеу мәдениеті болап саналады. Тамыршыны қазіргі кезде медицина университетіндегі шығыс медицина мамандығында дайындайды. Туа біткен әрі тұқым арқылы берілген тамыршылық қасиеттері бар емшілер де аз емес.

Келесі тән емшісі – сынықшы. Сынықшы – сынған сүйекті орнына салумен айналысатын адам. З.Қожалымовтың анықтамасы бойынша «сынықшы ешқандай дәрі-дәрекіз, гипссіз сынықтың орнына салып қарапайым әдіспен танып мерзімдік шартты әдіспен ем жасайтын сынықтың дұрыс әрі мінсіз бітуін анықтайтын адам» (Қожалымов, 2016: 34). Қазіргі қоғамның өзінде сынықшының рөлі зор. Адам қаншалықты травматолог-хирургқа барған күннің өзінде сынықшы іздейді. Себебі, сынықшы сынықтың деңгейін анықтап қана қоймай оның дұрыс салынуы мен бітуін қамтамасыз етеді. Егер сынған жер дұрыс бітпеген күні сынықшы жылқының майын жағу арқылы сүйекті жұмсартып сынықты түзетеді. Бұл қасиет тән емшілерінің арасында жоғары бағаланады. Е. Абиьлкасымовтың пікірі бойынша сынықшы өзінің тәжірибесін жануарлардың сынықтарын емдеуден бастаған, толық үйренгеннен кейін ғана адамды емдеуді бастаған (Абиьлкасымов, 1993: 13). Ендеше, сынықшы да тамыршы тәрізді үйретіледі, оқытылады және генетикалық тұрғыда беріледі.

Оташы – ол сынықшының түрі. Ол өте күрделі сынық түрлерін емдеумен айналысады. З.Қожалымовтың анықтамасы бойынша «оташы – халық арасында кеңінен тараған шиппагерлік өнердің бір түрі, тұқым қуалайтын құпиялы қасиет. Оташы өз қызметін тылсым ғарыштық күштің көмегімен орындайтын сияқты. Күрделі сынық түрлерін емдейді. Ота жасайды» (Қожалымов, 2016: 37). Ерте заманда оташы адамның бас сүйегіндегі сынықты емдеуде тасбақаның қалбырын, ал сүйектерді таңу үшін жаңа сойылған малдың ішектерін пайдаланған. Қазіргі кезде медициналық құралдарды пайдаланады. Дегенмен, оташыны қазіргі кезде кездестіру мүмкін емес. Тек академиялық медицинада күрделі сынықтар хирургиялық жолмен емделеді. Ендеше оташы деген тән емшісі қазіргі кезде ұмытылған емшілік өнер деп айтуға болады.

Уқалаушы қазіргі тілмен айтқанда «массаж». Уқалаушының емдеу әдісі адамның тәнінің белгілі бір нүктелеріне әсер ету арқылы уқалау емін қолданады. Уқалаушы адам денесіндегі нүктелерді және оның тамыр жүйелерін дұрыс анықтауға үйретіледі. Тағы бір ерекшелігі уқалаушының биоэнергетикалық өрісі жоғары болады. Оның алақанынан шыққан жылу адамның сауығу үрдісіне тез әсер етеді деп саналады. Қазіргі күннің өзінде де уқалаушы кең таралған емшінің бірі болып саналады. Олардың жиі қолданатын емдік құралдары: жануар мен өсімдік майлары, табиғаттағы шунгит тастары, тұз. З.Қожалымовтың пікірі бойынша биоэнергетикалық қасиет адамға генетикалық жолмен және белгілі бір құдіретпен беріледі. Биоөріс адам бойындағы сиқырлы көш (Қожалымов, 2009: 130). Уқалаушының көмегіне ерте заманнан барлық адам жүгінеді. Бұл емнің түрі адамның тәніндегі ауырпалықпен қатар психоэмоционалды күйінің де жақсаруына әсерін тигізеді.

Белтартушы бұл қазіргі кезде қолданылмайтын ұмытылған емшілік дәстүрі. Белтартушы дегеніміз жүкті әйелдерді емдеуге, олардың босануын жеңілдету емдік шаралары жасайтын емші болған.

Кесте 2. Тән емшілері

№	Емшілер түрі	Емдеу құралдары мен тәсілдері
1	Тамыршы	Тамыр ұстау арқылы ауруды болжаушы. Ауру түрі мен себебін анықтайды. Тамыршы ол үйретілетін емшілік қасиет. Қан тамырларының орналасуын жақсы меңгерген адам.
2	Сынықшы	Жылжыған, шыққан және сынған сүйекті орнына салушы. Сынықтың дұрыс әрі мінсіз бітуін қамтамасыз етеді. Негізгі құралдары: жанаур және арнайы өсімдіктер майы, байлам, жаратаңғыш, ағаш және басқалары.
3	Уқалаушы	Адам денесіндегі нүктелерге әсер ету, уқалау арқылы емдеуші. Уқалаушы да тамыршы сияқы үйретілетін емшілік қасиет. Адамның физиологиялық құрылысын, жүйке және қан тамырларының орналасуын жақсы меңгерген адам. Негізгі құралдары: емшінің қолы, өсімдік және жануарлар майы, шипатас және басқалары
4	Белтартушы	Ұмытылған емдеу түрі. Бұл жүкті әйелдердің жеңіл босануын қамтамасыз ететін емшінің түрі. Құрсақта бала дұрыс орналаспа және кіндікке оралған жағдайда баланың өмірін сақтау үшін, әйелдің жеңіл босануы үшін ем жүзетін емші.
5	Оташы	Сынықшының бір түрі. Шағын оталарды жасайтын емші болып саналады. Оташының күдіреті – медициналық құралдарсыз көріпкелдік қасиетімен аурудың орналасқан жерін анықтап ота жасай алады. Негізгі құралдары: арнайы пышақ, от, ине, малдың ішегі, тасбақаның қалбыры және басқалар.

Үшінші емшілер тобы – *магиялық емшілер* (Кесте 3). Олар туралы сыни көзқарастар мен әртүрлі дискурстар көп. Дегенмен, күнделікті мәдениетте адамдар арасында кең таралған емшілер тобы. Оларға: жауырыншы, балгер, болжаушы, құмалақшы, көріпкел және басқалары жатады. Магиялық емшілер шын мәнінде ем-шараларымен айналысады деп айту мүмкін емес. Ислам дінінің шарттары бойынша магиялық емшілер – «қара емшілер». Олардың әрекеті харам, сонымен қатар, олардың қызметіне жүгінген адамдар да күнә жасады деп саналады. Алайда, күнделікті тұрмыста екі ойлы болып жүргенде, сұрақтарына жауап таппаған кезде, қиыншылыққа тап болған жағдайда, жолын ашқызу үшін және бір іске әсер ету үшін барады. Көп жағдайда бұл топтағы емшілер түрі адасқан адамдарға жол табуға көмектесетіні анық,

Жауырыншы – тұқым қуалайтын, сирек кездесетін, жануарлардың таза жауырынының жалпақ бетіне түскен сызықтар мен кескін бейнелерге қарап, болжам айтатын ерекше

күпия қасиет иесі (Қожалымов, 2016: 38). Жауырыншы бір жағынан болжаушы қызметін атқарса, екінші жағынан жауырыншы баланың немесе үлкен адамның жабысқан жауырынын ашушы. Жауырыншы да уқалау тәсілі арқылы жабысқан жауырынды ашу арқылы адамның иық-қолының қимылдауын жақсартады. Жауырыншы бал ашушы ретінде жойылған кәсіптің түрі. Бірақ жауырын ашу үрдісі уқалаушының емдік шарасында қолданылады.

Балгер адам тағдырының өткені, бүгінгі, болашағын болжап шамандық діни сенім бойынша әрекет ететін тылсым сырдың дарынды иесі. Олар адамның оң және сол алақаны мен саусақтарындағы сызықтарға ақарап, ши талдарын қиыстыру арқылы, кейбіреулер Құран кітабын оқып отырып адамның денсаулығы, тұрмысы, жанұясы, жолсапары, арақатынасы және басқа мәселелерді болжаған (Қожалымов, 2016: 39). Ш.Уәлиханов бақсыларды балгерлер деп те атаған. Олар екі саусақтың ортасына қамшыны қысып ойын тәрізді екі жаққа аударып

Кесте 3. Магиялық емшілер

№	Емші түрлері	Тәсілдері	Емдеу құралары
1	Жауырыншы	Болашақты болжау, бағыт-бағдар беру,	Малдың жауырыны, соның ішінде, қойдың жауырынын жиі қолданады
2	Балгер	жоғалғанды табу, жору	Карта, кофе, сурет, адамның қол тамыры және басқа әртүрлі заттар
3	Құмалақшы		Құмалақ
4	Көріпкел		Ешқандай құрал қолданбайды. Тек адамның түріне қарау арқылы болжайды

болжам айтқан. Бақсы балгер ретінде тек бір адамның емес, барлық қоғамның бүгінін, болашағын болжаған (Валиханов, 1985: 195). Балгерлердің қазіргі кезде кең тараған жаңа формасы – «хиромантия». Хиромантия жеке зерттеуді қажет ететін эзотерикалық ілім.

Құмалақшы – ерте заманнан келе жатқан магиялық емшілік өнері. Дарынды қасиеттің бірі. Ш.Уәлиханов: «41 құмалақы Данияр пайғамбардан қалған мұра» дейді (Валиханов, 1985: 281). Құмалақшының құралдары: ақ мата, қойдың кемтірілген құмалағы, ұсақ тастар немесе өсімдік дәндері. Қырық бір құмалақты ақ матаның үстіне шашып оның орналасуына байланысты болжам жасаған. Құмалақшыға адам ауруын емдеу үшін бармайды. Оған жоғалған затын табу үшін, дұрыс бағыт-бағдар алу үшін, жауапсыз сұрақтарына жауап алу үшін көмекке жүгінеді. Қазіргі кезде жалған құмалақшылар саны өсіп кетті. Көшенің әрбір бұрышына құмалақшылар отырады. Құмалақ пен қатар «Таро» картасын біріктіріп болжау жасайтындар да көбейіп кетті. Бұл көнеден қалған құмалақшылықтың қасиетін жоюда. Алматы қаласында «Көк базарда» отыратын құмалақшылардың әрекетін сыртынан бақылау кезінде байқағанымыз, біріншіден, әркімнің қолдану құралы әртүрлі. Көбісі, ақ және қызыл фасоль дәнін, бірі нут дәнін пайдаланады. Мұның өзі қазіргі құмалақшылардың ісіне күмән тудырады. Екіншіден, олардың құмалақты матаға лақтыру және оны жіктеу жолдары. Шын мәнінде тастардың түсуіне байланысты болжам жасау бойынша жазбалар жоқ. Сондықтан бақылауымыздағы құмалақшылар

адамның естігісі келіп тұрған сөздерді айту арқылы құмалақшы кәсібін табыс табу көзіне айналдырған. Құмалақшы өнері әлі күнге дейін зерттелмеген емшілік өнер түрі.

Жоғарыда жіткелген емшілер тобының бірі жойылса, бірі қазіргі күнге дейін өз қызметтерін жалғастыруда. Күнделікті мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналған халық емшілігі өзінің құндылығын жоғалтпайтыны анық. Керісінше, күн сайын сұранысқа ие болуда. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмектің жаңа түрлерін жасау арқылы емшараларын жүргізу қарқынды дамуда. Қазақстанда Қазақстан халық емшілері ассоциациясы халық емшілерінің қызметін бақылайтын мекеме жұмыс жасайды. Аталған мекеме әрбір емшіліктің түрін сүзбеден өткізгеннен кейін ғана емшілерге қызмет етуге рұқсат береді. Алайда, халық арасында өздігін ем жасайтын емшілер де аз емес.

Қазақ халқының емшілері ұлттық болмысты, мәдениетті айқындайтын рухани код ретінде қарастыруымыз керек. Себебі, емшілердің әрбір тәжірибесі өзінің ұлттық құндылықтарына байланысты құрастырылған.

Нәтиже

Зерттеу жұмысы барысында келесі нәтижеге қол жеткіздік. Біріншіден, қазақ емшілігі мәдениетінің қалыптасу тарихын зерделеуге тырыстық. Нәтижесінде қазақ емшілігінің қалыптасуы көшпенділік дәуірде басталғанын, әрі оған қытай, үнді, араб, парсы,

тибет медицинасының әсері дәлелденді. Ибн Синаның еңбектері және Ш. Уәлихановтың этнографиялық еңбегі оған дәлел.

Екіншіден, тақырып мәдениеттану ғылымы тұрғысынан зерттелмеген. Дегенмен, З.Қожалымовтың «Шипагерлік философиясы және дәстүрі», Ө.Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян», Ш.Уәлихановтың «Қырғыздардағы шаманизм қалдықтары» атты еңбегі алғашқы философиялық-мәдениеттанулық еңбектің бірі ретінде зерттеу тақырыбының теориялық-әдістемелік негізін қалыптастырды. Жинақталған еңбектерге сүйене отырып қазақтың халық емшілігі – ұлттық мұра, рухани құндылық және ерекшелігімізді айқындайтын ұлттық код ретінде дәлелденді.

Үшіншіден, қазақтың халық емшілерін үш топқа бөлдік: рухани емшілер, тән емшілері және магиялық емшілер. Олардың емдік тәжірибелері бірнеше ғасырлық сынынан өтіп, жаңа білімдермен толықтырылып бүгінгі күнге дейін жетті. Сонымен қатар, емшілердің тәжірибелеріне сипаттамалық талдау жасалды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, емшілердің мәдени капиталы міндетті және қалаулы элементтер ретінде, біріншіден, дінге деген адалдықты қамтиды (әсіресе, рухани емшілер); екіншіден, ресми медицинаның жақтаушыларының көмегіне жүгіну туралы декларациялардың болуы (бұл тәжірибе, қазіргі кезде кеңінен ашылған «қазақ емханасы», «шипалы» тәрізді емші орталықтарында қолданылады); үшіншіден, қосымша және балама медицина әдістеріне күмәнмен қарайтындар мен сыншылардың пікірлерін елемей (аруақ қонған, туа біткен емшілер мен магиялық дәстүрді ұстанатын емшілер).

Халық емшілері көбінесе емделушілердің тепе-теңдік пен тыныштық жағдайын

диагностикалау және сақтау мақстанында ем шараларын жүргізеді. Емшілердің қорында емдеу дәстүрімен қатар бал ашу, тағдырды болжау, сәуегейлік қолданылады.

Қорытынды

«Дені сау ұлт» қалыптастыру бұл әрбір халықтың, мемлекеттің басты міндеті. Ертеден қазақ халқы халқының саулығын бірінші орынға қойған. Азықтану үшін жасалған тамақтың түрлеріне, дене бітімінің дұрыс қалыптасуы үшін киімнің үлгісіне, жатын орнының ыңғайлығына мән берген. Қазақ халқының жеті атаға толмай қыз алыспау дәстүрінің өзі де халықтың саулығын қамтамасыз етуге бағытталғанын дәлелдейді. Қазақ халқының күнделікті мәдениетіндегі ырым-тыйымдары, салт-жоралғылары, ғибадат рәсімдері де салауатты өмір салтының тәжірибесі болып саналады. Сондықтан, қазақтың халық емшілігін ұлттық код деп тұжырымдасақ қателеспейміз. Оқырмандар мақаланы оқып отырып, халық емшілігін жаңғырту қаншалықты пайдалы деген сұрақ қоюы мүмкін. Халық емшілігі сан жылдар бойы сыннан өткен, адамзат тарихындағы күрделі аурулардың ем жолдарын тапқан, ден саулығын сақтау үшін салауатты өмір сүру шарттарын қалыптасырған өмірлік тәжірибе болып саналады. Қазіргі қазақстандық рухани жаңғыру саясатын жүзеге асыруда, салауатты өмір салтын сақтау мақсатын жүзеге асыру үшін тиімді тәжірибе болып есептеледі. Халық емшілігін жаңғырту қажет деп санаймыз. Бұл мақалада қазақтың халық емшілігінің типологиясын жасап олардың тәжірибелеріне мәдени антропологиялық талдау жасалды. Келесі зерттеу жеке емшілердің тәжірибелерін іштей бақылау, сұхбаттасу нәтижелерін талдауға арналады.

Әдебиеттер тізімі

- Абилькасимов Е. Қазақтың халық медицинасы. – Алматы: Атамұра баспасы, 1993. – 241 б.
Айдарханұлы Қ. Қазақ емшілігі. – Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2019. – 298 б.

Ақанұлы Т. Емші кәдесі. Мақалалар, емшілік амалдар, сыр-сұхбаттар. – Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2020. – 304 б.

Ақыпбекұлы Ө. Халық емінің құдіреті: халық емшілерінің іс-тәжірибесі жайлы жинақ. – Алматы: Қайнар, 1993. – 287 б.

Әбдіқадырұлы М. Қазақ медицинасы. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 327 б.

Әбдіраман Ө. Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2002. – 160 б.

Гжевич С. Алмасу үрдісіндегі дәстүрлі қазақ медицинасы. – Познань: Адам Мицкевич университеті, 2010. – 92 б.

Ибн Сина. Канон врачебной науки. Перевод с арабского. – Ташкент: Фан, 1979-1982. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: https://platona.net/load/knigi_po_filosofii/istorija_nauki/abu_ali_ibn_sina_avicenna_kanon_vrachebnoj_nauki_1979_1982/51-1-0-3790. (қаралған күні: 5.12.2022.)

Қасқабасов С. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. Екінші кітап. – Алматы: Фолиант, 2014. – 344 б.

Қожалымов З. Халық емшілерінің анықтамасы. Жеке емшілер жөнінде мәліметтер. – Алматы: «Шалкөде», 2016. – 310 б.

Қожалымов З. Шипагерлік дәстүрі мен философиясы. Монография. – Алматы: «Шалкөде», 2009. – 225 б.

Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4 – кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.

Мурад Хасан. Секреты суфийского целительства. Книга 1. – М.: ТД Велигор, 2020. – 208 с.

Потанин Г. Избранные сочинения в 3-х томах. Путешествия, воспоминания и письма / сост. Е.М. Аргын, Э.Д. Соколкин. – Павлодар: ЭКО. – 2005. [Электрон. ресурс] – 2005. – URL: <http://vital.lib.tsu.ru/vital/access/manager/Repository/vtls:000200414>. (қаралған күні: 10.12.2022.)

Суханбердин С.Х. История развития аптечного дела и лекарственной помощи в Казахстане. – Алматы: Мария, 2004. – 456 с.

Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.

Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян (Араб қарпінен көшіргендер К.Елемес, Д.Мәсімхан). – Алматы: Жалын, 1996. – 464 б.

Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. Басылым 2. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.

Куралай С. Ермагамбетова, Карлығаш М. Атанакова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казакстан

Типология целителей в повседневной культуре казахов и их практика лечения: культурно-антропологический анализ

Аннотация. В современном обществе существуют различные дискурсы о народном целительстве. По мнению, современной науки, особенно, с точки зрения академической медицины народное врачевание (целительство) – практика, не соответствующая современному протоколу лечения. Народное целительство воздействует только на эмоциональное состояние пациента, то есть самообман. Хотя, современная академическая восточная медицина обучает некоторым практикам народной медицины. С точки зрения ислама, человек не имеющий медицинское образование не имеет право заниматься лечением, особенно запрещается народное целительство. С точки зрения этнографии и антропологии народное целительство является одним из элементов национальной культуры, культурного наследия, образом жизни, духовной ценностью этноса.

В статье мы постарались проанализировать опыт народного целительства в повседневной культуре современного Казахстана. Сначала был сделан ретроспективный анализ истории становления казахского народного целительства. Потому что нет никаких данных о становлении казахского целительства. Теоретико-методологическая основа исследования построена на основе исследования этнографических, методологических источников и на основе работ самих целителей.

Изучение казахского народного целительства мы связываем с государственными программами «Культурное наследие», «Духовная модернизация», «Сакральная география Казахстана». Так как, на-

родное целительство мы рассматриваем как культурное наследие, духовные ценности, культурный код, как инструмент формирования и сохранения культурной идентичности.

В статье была сделана типология народного целительства. Народных целители мы разделили на три группы: духовные, телесные и магические. Практика духовных целителей связана с древними верованиями и национальной религией, телесные целители связаны с повседневной практикой и образом жизни, а магические целители связаны с магией и сверхъестественной силой. На основе внешнего наблюдения было описано целительство. В современной повседневной культуре большинство видов целителей практикуют и пользуются спросом у населения. Деятельность целителей контролируется Республиканским общественным объединением «Ассоциация народных целителей Казахстана».

Народное целительство казахов полна тайн. Поэтому его изучение актуально. Изучение данной темы внесет огромный вклад в науку.

Ключевые слова: повседневная культура; казахское народное целительство; целитель; врачеватель; баксы; национальное наследие; духовные ценности.

Kuralay S. Yermagambetova, Karlygash M. Atanakova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Typology of healers in the daily culture of kazakhs and their practice of treatment: cultural and anthropological analysis

Abstract. In modern society, there are various discourses about folk healing. According to modern science, especially from the point of view of academic medicine, folk medicine (healing) is a practice that does not correspond to the modern treatment protocol. Folk healing affects only the emotional state of the patient, that is, self-deception. Although, modern academic oriental medicine teaches some traditional medicine practices. From the point of view of Islam, a person who does not have a medical education does not have the right to engage in treatment, especially traditional healing is prohibited. From the point of view of ethnography and anthropology, folk healing is one of the elements of national culture, cultural heritage, way of life, spiritual value of the ethnic group.

In the article we tried to analyze the experience of folk healing in the everyday culture of modern Kazakhstan. First, a retrospective analysis of the history of the formation of Kazakh folk healing was made, because there is no data on the formation of Kazakh healing. The theoretical and methodological basis of the study is based on the study of ethnographic, methodological sources and on the basis of the works of the healers themselves. From the point of view of ethnography and anthropology, folk healing is one of the elements of national culture, cultural heritage, lifestyle, spiritual value of the ethnos.

We associate the study of Kazakh folk healing with the state programs «Cultural heritage», «Spiritual modernization», «Sacred geography of Kazakhstan». Since we consider folk healing as a cultural heritage, spiritual values, cultural code, as a tool for the formation and preservation of cultural identity.

The article made a typology of folk healing. We have divided folk healers into three groups: spiritual, bodily and magical. The practice of spiritual healers is associated with ancient beliefs and religions, bodily healers are associated in daily practice, tradition and lifestyle, and magical healers are associated with magic and supernatural power. On the basis of external observation, the practice of healers was described. In modern everyday culture, most types of healers practice and are in demand among the population. The activity of healers is controlled by the Republican Public Association «Association of Folk Healers of Kazakhstan».

Kazakh folk healing is full of secrets. Therefore, our study is relevant. The study of this topic will make a huge contribution to science.

Key words: everyday culture; Kazakh folk healing; healer; healer; bucks; national heritage; spiritual values.

References

Abil'kasimov E. Kazaktyn halyk medicinasy [Kazakh folk medicine]. (Almaty: Atamura baspasy, 1993, 241 b.) [in Kazakh].

Ajdarhanuly K. Kazak emshiligi [Kazakh medicine]. (Almaty, «Palitra Press» баспасы, 2019, 298p.) [in Kazakh].

Akanuly T. Emshi kadesi. Makalalar, emshilik amaldar, syr-suhbattar [Healer's gift. Articles, therapeutic methods, secret interviews]. (Almaty, «Palitra Press» баспасы, 2020, 304p.) [in Kazakh].

Akypbekuly O. Halyk eminin kudireti: halyk emshilerinin is-tazhiribesi zhajly zhinak [The power of folk medicine: a collection of practices of folk healers]. (Almaty, Kajnar, 1993, 287p.) [in Kazakh].

Abdikadyruly M. Kazak medicinasy [Kazakh medicine]. (Almaty, «Merej» баспасы, 2015, 327p.) [in Kazakh].

Abdiraman O. Kazaktyn dasturli halyk emshiligi [Kazakh traditional folk medicine]. (Almaty, KAZakparat, 2002, 160p.) [in Kazakh].

Gzhevich S. Almasu urdisindegi dasturli kazak medicinasy [Traditional Kazakh Medicine in the exchange process]. (Poznan', Adam Mickevich universiteti, 2010, 92 p.) [in English].

Ibn Sina. Kanon vrachebnoj nauki. Perevod s arabskogo [The canon of medical science. Translated from Arabic]. (Tashkent, Fan, 1979-1982). Available at: https://platona.net/load/knigi_po_filosofii/istorija_nauki/abu_ali_ibn_sina_avicenna_kanon_vrachebnoj_nauki_1979_1982/51-1-0-3790 [in Russian]. (accessed 05.12.2022).

Kaskabasov S. Mifologija. Fol'klor. Adebiet. Zertteuler. Ekinshi kitap [Mythology. Folklore. Literature. Research. Second book]. (Almaty, Foliant, 2014, 344 p.) [in Kazakh].

Kozhalymov Z. Halyk emshilerinin anyktamasy. Zheke emshiler zhoninde malimetter [The definition of folk healers. Information about individual healers]. (Almaty, «Shalkode», 2016, 310p.) [in Kazakh].

Kozhalymov Z. Shipagerlik dasturi men filosofijasy. Monografija [Traditions and philosophy of healing. Monograph]. (Almaty, «Shalkode», 2009, 225 p.) [in Kazakh].

Kondyбай S. Argykazak mifologijasy. 4 – kitap [Argykazakh mythology. Book 4]. (Almaty, «Arys» баспасы, 2008. – 536 p.) [in Kazakh].

Murad Khasan Sekrety sufiyskogo tselitelstva. Kniga 1 [Secrets of Sufi healing. Book 1.]. (M, TD Veligor, 2020, 208 p.) [in Russian].

Potanin G. Izbrannye sochinenija v 3-h tomah. Puteshestvija, vospominanija i pis'ma/sost. E.M.Argyn, Je.D.Sokolkin [Selected works in 3 volumes. Travels, memories and letters/comp. E.M. Argyn, E.D. Sokolkin]. (Pavlodar, JeKO, 2005) Available at: <http://vital.lib.tsu.ru/vital/access/manager/Repository/vtls:000200414>. [in Russian], (accessed 10.12.2022).

Subhanberdin S.H. Istorija razvitija aptechnogo dela i lekarstvennoj pomoshhi v Kazahstane [The history of the development of pharmacy and drug care in Kazakhstan]. (Almaty, Marija, 2004, 456 p.) [in Russian].

Toleubaev A.T. Relikty doislamskih verovanij v semejnoj obrjadnosti kazahov (XIX – nachalo XX v.) [Relics of pre-Islamic beliefs in the family rituals of the Kazakhs (XIX – early XX century)]. (Almaty, Gylym, 1991, 214 p.) [in Russian]

Tileukabylyuly O. Shipagerlik bayan (Arab karpinen koshirgender K.Elemes, D.Masimhan) [Shipagerlik Bayan (translated from Arabic by K. Elemes, D. Massimkhan)]. (Almaty, Zhalyyn, 1996, 464 p.) [in Kazakh].

Ualihanov Sh. Tandamaly shygarmalar. Basylym 2 [Selected works. Edition 2.]. (Almaty, Zhazushy, 1985, 560 p.) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Ермагамбетова Куралай Сергабыловна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Философия кафедрасының доценті м.а., философия докторы (PhD), Астана, Қазақстан.

Атанақова Карлығаш Муратбековна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «8D03104 – Мәдениеттану» мамандығының 2-курс докторанты, Астана, Қазақстан.

Yermagambetova Kuralay Sergabylovna – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Department of Philosophy of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Atanakova Karlygash Muratbekovna – Ph.D. Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan